

## Тамақтану сапасына мониторинг жүргізетін топ отырысының

### №5 хаттамасы

« 12 » қаңтар 2024 жыл

#### Күн тәртібінде

1. Тамақтану сапасын мониторингтау комиссиясының жылдық жұмыс жоспары бойынша бекітілген жұмыстарын жалғастыру. Балалар құқығын қорғау комитетінің тапсырысы бойынша мектептегі тамақтануды ұйымдастыру және тамақ сапасын бақылау жөнінде комиссияның қаңтар айындағы жүргізілген зерттеу нәтижесі. Өткен тоқсаннан қалып қойған азық-түліктің бар-жоғын бақылау; тағамдардың сақталу уақытының жарамдылығын, сақталу ережелерінің талаптарына сай екендігін бақылау

2. Әлеуметтік қорғалуға мұқтаж отбасынан (АӘК) және жекеленген әлеуметтік осал топ санаттарынан (аз қамтылған отбасынан шыққан, көп балалы және жалпы отбасы табысы күнкоріс деңгейінің төмен отбасылардан шыққан балалар және жетім балалар) шыққан оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстары

**Бірінші сұрақ бойынша** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Худайбергенова Г.Э. сөз алды. Бала құқықтарын қорғау комитетінің хабарламасы бойынша, аудандық білім бөлімінен мектеп чатына хат жоданды. Ол хатта: «Жаңа тоқсан басталды. Ал кейбір қызмет көрсетушілерден өткен тоқсаннан қалған азық – түліктердің асханада болмауын қадағалау және балалардың тамақтануында сапасыз азық-түлікті қолданбау мақсатында мектептегі мониторингтау комиссиялары өз жұмыстарын сәйкесінше атқарсын, яғни мектеп асханасындағы тамақтануды тексеру жұмыстарын жалғастырсын» - деген болатын. Жалпы мектеп қабырғасында білім алып жатқан әрбір оқушыға өздеріне лайық дәрежеде жағдай жасалу керек, сол себепті әрқайсымыз осынау міндетті жауапкершілікпен атқаруымыз тиіс. Мектеп асханасы үнемі қатаң қадағалауда болуы керек. Соған сай бүгін мектеп асханасына тамақтану сапасын мониторингтау комиссиясы кезекті тексеріспен барды. Тексеріс барысында ас блогының жай-күйі, азық-түлік қорының жеткіліктілігі, өнімдерді сақтау шарттары, қоймалар, тоңазытқыштар, ет, көкөніс, ұн және өнімдерді сақтау талаптары тексерілді. Бытырғы тоқсаннан қалып қойған азық-түлік болмады, олар тауар әкелу шот-парақтарына сай келді. Асхана қызметкерлерінің сыртқы келбеті, жұмыс киімдері қанағаттанарлық.

Бүгінгі ауа-райының қолайсыздығынан 1- ауысымның 1-9 сыныптары кашықтықтан отуіне байланысты, асханада ыстық тамақ дайындалмады, бірақ пісірілген дайын өнімдер болды. Кырыкқабаттан және картоп қосылған бөлімдер таразыға салып өлшегенде, олардың шығу салмағы нормаға сай келді. Дайын өнімнің норма бойынша шығу салмағы 80грамм болса, таразыдағы салмағы 90-92 грамм көрсетті. Жалпы тексеріс барысы асхананың санитарлық нормаларға сай екенін және олжылықтардың кездеспегенін көрсетеді.

**Екінші сұрақ** бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Дюсембаева Г.К. келесідей ақпарат ұсынды. Бүгінгі таңда осал әлеуметтік топ санатынан шыққан 13 оқушы және қызмет көрсетуші, мектеп асханасын жалға алушы «Коваль» жеке кәсіпкерлігінің демеушілік көмегі есебінен 5 оқушы тегін ыстық тамақтанумен қамтылған. Күнделікті ас мәзірі күз-қыс мезгіліне арналған 2 апталық перспективалық мәзір бойынша дайындалады. Жалпы мектеп оқушылары 100% ыстық тамақтанумен қамтамасыз етілген.

### ШЕШІМ

**Бірінші сұрақ** бойынша тамақтану сапасын мониторингтау комиссиясы асхана, жалпы тамақтану жұмыстарын қадағалауды күшейтсін.

**Екінші сұрақ** бойынша әлеуметтік қорғалуға мұқтаж отбасынан, яғни осал топтардан шыққан оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстары үздіксіз жалғастырылсын.

Мектеп директоры:



*А.О. Конкыбаева*  
Конкыбаева А.О.